

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және
инжиниринг университеті
Манғыстау облыстық мәдениет басқармасы

«НОҒАЙЛЫ ЖЫРЛАРЫ ЖӘНЕ МҰРЫН ЖЫРАУ
ФЕНОМЕНІ»

халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

8 желтоқсан, 2014 жыл

Ақтау қаласы

Сарбасов Болатхан Сергазыұлы
профессор м.а., ф.г.к.
Қазақ мемлекеттік қызыздар педагогикалық университетінің

Мақал-мәтел – халық мұрасы

Мақал-мәтел қай халықтың болсын ауыз әдебиетіндегі көлемі шағын, мазмұны бай, тілі көркем жанрга жатады. Мақал-мәтелдер халықпен бірге жасайды. Біреулері ескіріп, қолданудан шығып, екіншілері жанарып, туындал жатады. Мақал мен мәтелді де әуелде жеке адамдар шығарды. Оны біреуден біреу естіп, айтып таратады, өндөледі, өзгертіледі, сейтіп, халықтық мұрага айналады. Демек, мақал-мәтелді де белгілі бір халықтың өмірде көрген-білгені, жасаган қорытындысы, ақыл-ойы деуге болады. Мақал-мәтел көркем шығармада көп қолданылады. Ақын-жазушылар шығармаларында халық даналығын пайдаланумен бірге, сол улгілермен өздері де жана мақал-мәтелдер шығарады. Мысалы, І.Алтынсаринның «Аш бала ток баламен ойнамайды, ток бала аш болам деп ойламайды» - дейтін сөзі мақалға айналып кеткен [1, 216].

Мақал – нақыл, өситет түрінде айтылатын философиялық ой түйіні, сез мәйегі. Мақал, көбінесе, өлеңдік өрнекпен, сабырлы, салмақты ырғакпен айтылады. Қара сезбен, шешендікпен айтылатын мақалдар да бар.

Қазақ – сез кадірін біліп, қасиетті сезді қастерлеп, аузынан тастамай, данышпандығын өнеге ретінде өлеңмен өрнектеп, терең магыналы сездермен зерлеп келе жатқан халық. Сез зергерлерінің аузынан шыққанды үздіксіз үлгі етіп, үрпақ тәрбиесіне парықтап пайдалану дәстурге айналған. Әсіресе қариялар макалдап, маңызды сөйлеуді борышым деп санайды, онсыз карт адамның сезінін кадірі болмайды.

Отбасында ата-аналар бала тәрбиесіне лайықтап: «Ана тілін алмасан, арын кетеді», «Өке – тірегін, ана – жүрегін», «Сабыр тубі – сары алтын», «Еріншектін ертеңі таусылмайды», «Көзін ауырса, колынды тый, ішін ауырса, асынды тый», «Іс істесен, ретін тап», т.б. мақалдарды жіі айтады.

Баланың өмір тәжірибесі аз, сондыктан, оған айтылатын ақыл-насихат, өнеге, өситет әрі әсерлі, әрі ойда калатындаі мәнді болуы керек. «Үда не көрсөн, үшқанда соны ілерсін» дегендей, ана тілін ардақтауга үйретпі, ой кисындарын сез жүйесіне келтіре алу қабілеттін дамыту үшін, ата-ананың макалдап сөйлеуінің маңызы зор [2, 156].

Фольклордың баска түрлері сияқты макал-мәтелдер – халық окулығы, өситет. Олар жастарды тәрбиелейді, жамандықтан сактандырады. Ен алдымен карапайымдылыққа, үйымшылдыққа мегзейді, енбекке, ерлікке бауылды. Адалдықты, адамгершілікті мақтап, насиҳаттай отырып, оған қарама-қарсы арамдық, қараулық, өтірік-есек, жалқаулық, үрлым, екі жүзлілік сөкілді жаралысыз мінез-құлыктар сыналады.

Макал-мәтел – халықтың сан тасырлық көрген-білгенінен, бастаң кешкен үақындарынан қорыткан ақыл-ойының жынытығы, анықтамасы, табигатта.

Мақал-мәтеддер фольклор жанрының бір түрі. Осыған байланысты мақал-мәтеддер, біріншіден, халық ауыз әдебиетінің ерекшеліктерін бойына сақтаса, екіншіден, қазіргі жазба әдебиетіне өзінің халық тілінде жасалған формасын ешбір өзгертуей еніп отыр.

Жоғарыдағы мысалдардан мақал-мәтеддердің бірнеше түрлі болатынын және жасалу адістері де алуан түрлі болып келетінін аңгарамыз. Бірақ, бұлардың барлығына тән қасиет - өмір құбылыстарының мәнін, сыр-сипатын ашып, корытынды жасауга бейімділігі. Мақал-мәтеддерді шығарушы, әрі таратушы - халық. Мақал-мәтеддер халықтың рухани бай өмірінен, ой-киялынан, ақылынан туады. Халық - мақал-мәтеддерді өте жоғары бағалайды. Бұған дағелет ретінде: «Сөздің көркі - мақал», «Мақал - сөздің атасы» деген мақал-мәтеддерді мысалға келтіруге болады.

Мақал-мәтеддердің табигатының құрделілігі, оның көнелігі мен қолдану аясының қеңдігінде. Белгілі бір жағдайға, тақырыпқа байланысты шебер айтылған ұтымды, тиісті нақыл сөздер ауыздан-ауызға көшіп, ел арасына анау айтқандай, мынау айтқандай деп шешенниң есімімен қосарлана жүрген еді. Ал, кейін шығарушының есімі ұмытылып, ұтымды, орынды қолданылған сөздер халық сыйынан етіп, өндөліп, мақал-мәтеддерге айналып кеткен [5,766.]

Казак фольклорының көне жанрларының бірі мақал-мәтеддер атабабаларымыздың өткен өмірінен мол мағлұмат беретін мұралардың катарына жатады. Өйткені, халық сан ғасырлық тәжірибеден көрген-түйгендерін қорыта келіп, үрпактарына «токсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» ұсынады. Адамзаттың өскелен өміріндегі қажеттіліктерді екшелеп, ел жадында өшпестей қашалады. Бейнелі кестелермен өрілген мақал-мәтеддерде халықтың нанымсенимі, әлеуметтік құрылышы, өмірлік қағидасы, дүниетанымы, түрмисшілігі жан-жакты көрініс табады.

Қорыта айтқанда, мақал-мәтеддер жанры бұрынғы мақал-мәтеддердің жақсы да қадірлі қасиеттерін және өздеріне тән ерекшеліктерін бойына сақтай отырып дамып келеді. Фольклор жанры ішінде халық арасына ең көп тараганы және үзак өмір сүретіні де осы мақал-мәтеддер. Мақал-мәтеддер бір дәүірдің жемісі гана емес, олар халықтың тарихымен тығыз байланыста. Мақал-мәтеддер - халықтың ғасырлар бойы атадан балаға мұра ретінде қалдырып келе жаткан асыл қазынасы.

Әдебиет:

1. Адамбаев Б. Халық даңалығы. Алматы, 1976
2. Казактың макалдары мен мәтеддері. Алматы, 2009
3. Коныратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. Алматы, 1989
4. Әлімбаев М. Өрнекті сез - ортақ қазына. Алматы, 1967
5. Әлімбаев М. Халық ғажап талімгер. Алматы, 2001

Резюме

В статье рассматриваются вопросы изучения пословиц и поговорок как часть народного наследия.

Х.Досм

К.

Қазак жариялау іс муралы абы таралуына ауқымда қалттық поэ сибектеріні

«Қаза

«Қырық ба

батыры» К.

кемелденге

берумен бір

үлгі болған

ескертіп ке

басылып ш

атақты эпи

жыршылар

Сонымен б

мол екенді

болғандығы

сынды әдеб

Мұрь

«Ақын жы

(2006) және

Галы

жылдарына

«Ғылым»

168-170 б

Н.Сауранб

М.Ғабдулл

ғалымдард

токталып,

салалы дар

орны бар

карастыры

етеді.

К.Сы

зерттеу іс

48. Викторин В.М. Персонажи преданий и ритуалов у тюрок Астраханского края и Ногайский героический эпос.....	281
49. Қабекенов F.У., Нұрмұхамбетова Р.А. Қазақ халықының жырлары мен шешендей шығармаларындағы карттық психологиясының сипатталуы.....	286
50. Каримсакова Б.А. «Күлтегін» жыры мен ақын-жыраулар поэзиясының бейнесі.....	292
51. Ақбердыева Б. Мифологиялық танымдағы «байланыстырушылар» немесе «медиаторлар» институты.....	299
52. Жеткізгенова Ә. Т. «Қайнаган тілмен қазаным, қайнарлы қара бұлакпын» (Жырау Ұзақбай Қазжанұлы шығармашылығы негізінде).....	304
53. Сарбасов Болатхан Сергазыұлы Мақал-мәтөл – халық мұрасы.....	309
54. Аянова Г. Б. Қ. Сыдықұлы зерттеулеріндегі Мұрын жырау мұрасы.....	313
55. Қамарова Н.С. Өміршең жанрдың өрісі.....	317
56. Мамбетова А. Особенности изучения традиционных ремесел как объектов нематериального культурного наследия казахов.....	321

5-СЕКЦИЯ. ЖАС ФАЛЫМДАР ЗЕРДЕСІ

57. Хасанова М. Т. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі түр-түске байланысты фразеологиялық бірліктердің семантикалық құрылымы.....	327
58. Дүйсен I.K. Түркі тілдеріндегі (қазақ, түрік және өзбек тілдеріндегі) әйелге байланысты туыстық атаулар.....	333
59. Абдиғапарова Г.А. Қазақстанның тілдік жағдаяты және тілдік пурим кезеңдері.....	338
60. Аманова А.О. Табылды Досымов – бард ақын.....	345
61. Ізбасарова Ә. Н. Қазақ поэзиясындағы Жәңгір хан бейнесі.....	353
62. Жангазиева Ү. «Едіге» жырының қазақ, татар нұскаларында образдардың берілуі.....	361
63. Темірғалиева Ақтоты Лингвистикада жарнама тілінің зерттелуі.....	366
64 Аманова Ж. Жеткіншектік кезеңде болатын психологиялық ерекшеліктер.....	371
65. Сармурзина П.О. Әлеуметтік жүйені басқарудың мәселелері.....	376